**"Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысы. Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1923. Қаулының күші жойылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысымен.

*РҚАО-ның ескертуі: ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы* N 86 *қаулысына сәйкес 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қаулының күші жойылады (қолданысқа енгізілу тәртібін* 5-тармақтан *қараңыз)* .

---

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылау мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқару 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 31 шілдедегі N 1409 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың 7-бөлімі және 7, 8, 15 және 16-қосымшалары қолданысқа енгізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-Министрі Н.Қ.Рахметовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық, 2-тармағын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Валюталық бақылау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықтың 7-бөлімі және N 7, 8, 15 және 16 қосымшалары 2002 жылғы 31 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

3. Осы қаулының 2-тармағынан басқасы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілді
Вице-Министр

2002 жылғы 15 шілде

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусыдағы N 203 қаулысына "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
"Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын
ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы"
2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің
"Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын
ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы"
2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығына
өзгерістер мен толықтырулар

"Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына және

"Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 V011669_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қаулының 4 тармағындағы "1 шілдеде" деген сөздер "31 шілдеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген қаулымен және бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықтың (бұдан әрі - Нұсқаулық):

3-тармағының үшінші азатжолындағы "осы Нұсқаулықта" деген сөздер " валюта заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы:

екінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар валюта заңдарында белгіленген мерзімде жеткізілмеген жағдайда импортер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Мұндайда келісім-шартта көзделген талаптар бойынша резидент еместің импортер алдындағы міндеттемелерін нақты орындау күні жеткізу күні болып саналады.";

үшінші азатжолдағы "импорт күнінен бастап" деген сөздер "резидент еместің импортер алдындағы міндеттемелерін нақты орындау күнінен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың екінші азатжолындағы "тіркелген заңды тұлға" деген сөздерден кейін "(оның ішінде оның филиалы)" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақтың 5), 6) тармақшаларындағы "расталған" деген сөз алынып тасталсын;

33-тармақтағы:

"экспорт жөніндегі мәміле паспортында" деген сөздерден кейін (осы Нұсқаулықтың N 1 қосымшасындағы "Соңғы күн" бағаны) деген сөздермен толықтырылсын;

"оны толық көлемде алу үшін шаралар қолдануға және" деген сөздер алынып тасталсын;

"үш" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

34-тармақтағы:

"импорт жөніндегі мәміле паспортында" деген сөздерден кейін (осы Нұсқаулықтың N 2 қосымшасындағы "Соңғы күн" бағаны) деген сөздермен толықтырылсын;

"тауарды толық көлемде алу үшін не тауар импортына төлем жасауға аударылған ақшаны қайтару үшін барлық шараларды қолдануға және" деген

сөздер алынып тасталсын;

"үш" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

38-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің атына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп қарауы үшін тиісті ақпарат" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар қолдану үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атына тиісті ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-тармақтағы:

"кеден заңдарының" деген сөздерден кейін "экспорт-импорт валюта бақылауы бөлігінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп қарауы үшін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар қолдану үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атына" деген сөздермен ауыстырылсын;

40-тармақтағы:

"нақты жеткізілетін" деген сөздер "кедендік ресімдеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Экспортердің/импортердің тіркелген орны бойынша кеден органының мөрімен куәландырылған мәміле паспортының көшірмесі тауар ресімдеу орны бойынша кеден органына жіберіледі. Кеден органы тауар ресімдеу орны бойынша валюталық бақылау мақсатында экспорт/импорт бойынша тауардың жылжуы туралы ақпаратты мәміле паспортын ресімдеген кеден органына жіберуге міндетті.";

43-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осындай өзгерістерді әділет органдарында тіркеген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей мәміле паспорты валюталық бақылауға қабылданған экспортерлерге/импортерлерге уәкілетті банктің жаңа деректемелерін мәміле паспорттарының "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде көрсету үшін банкке мәміле паспортының бірінші данасын ұсыну қажеттігі туралы хабарлауға;";

45-тармақтағы "экспортерге/импортерге алдағы уақытта қызмет көрсететін басқа банк не кеден органы" деген сөздер "экспортерге/импортерге алдағы уақытта қызмет көрсететін басқа банк, сондай-ақ кеден органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

46-тармақтағы "Сонымен қатар" деген сөздер "Қажет болған жағдайда" деген

сөздермен ауыстырылсын;

47-тармақтағы:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша міндеттемелердің толық орындалуы;";

9) тармақшадағы "әділет органдарының экспортердің/импортердің заңды тұлға ретінде тіркелген орны бойынша болмау фактісін растауы не" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) кеден органы тарапынан мәміле паспорты бойынша тауардың нақты жылжуының болмауы туралы растау болған кезде, сонымен бір уақытта келісім-шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін 1 ай ішінде мәміле паспорты бойынша ақша мен тауар жылжуының болмауы, уәкілетті банк тарапынан мәміле паспорты бойынша тауардың нақты жылжуының және осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы экспортердің/импортердің уәкілетті банкке және кеден органына жазбаша хабарламасының болмауы туралы растау";

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) мәміле паспортының соңғы күні өткеннен кейін тараптардың сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша жиырма айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға орындалмаған міндеттемелерінің болуы экспортердің/импортердің келісімі болған кезде;";

53-тармақтың 2) тармақшасындағы "5-нен" деген сөз "8-нен" деген сөзбен ауыстырылсын;

54-тармақтың 3) тармақшасындағы "екі" деген сөз "бір" деген сөзбен ауыстырылсын;

58-тармақтың:

2) тармақшасындағы "20" саны "15" санымен ауыстырылсын;

3) тармақшасындағы "15" саны "20" санымен ауыстырылсын;

63-тармақтағы:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктер жүзеге асыратын қолма-қол ақшаны ауыстырған кезде;";

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктер қымбат металдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде;";

мынадай мазмұндағы 70-1-тармақпен толықтырылсын:

"70-1. Ақша төлемі және/немесе аударымы жүзеге асырылатын тұлға және үшінші резидент тұлғалар арасында тиісті шарт болған жағдайда ғана жоғарыда көрсетілген үшінші резидент тұлғалардың сыртқы сауда келісім-шарттарына ақы төлеуіне рұқсат етіледі.";

мынадай мазмұндағы 71-1-тармақпен толықтырылсын:

"71-1. Егер импорт келісім-шартына ақы төлеуді үшінші тұлғаның бірі жүзеге асыратын болса, онда мәміле паспортына қосымша парақтар ресімделмей-ақ " Үшінші тұлғаның деректемелері" бөлімі толтырылып, мәміле паспортын бес дана етіп (тараптарға бір-бірден - импортерге, импортердің банкіне, кеден органына, үшінші тұлғаға және үшінші тұлғаның банкіне) ресімдеуге рұқсат етіледі.

Мұндай жағдайда импорт бойынша мәміле паспорты осы Нұқсаулықтың 71-тармағында көзделген тәртіппен үшінші тұлғаның қатысуымен ресімделуге ұсынылады.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Есеп айырысу аккредитивтік нысанда болса не банктік кепілдік орындалған жағдайда уәкілетті банктің кеден органдарына хабарламасы осы Нұсқаулықтың 58-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде нақты төлем жүзеге асырылған кезде жіберіледі.

Егер орындаушы өзге банк болса, ол уәкілетті банкке есеп айырысудың аккредитивтік нысанда болуын не банктік кепілдіктің орындалуын көздейтін сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша төлемнің және/немесе ақша аударымының жүзеге асырылғанын растайтын төлем құжатының көшірмесін уәкілетті банкке жіберуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы 72-1-тармақпен толықтырылсын:

"72-1. Егер сыртқы сауда келісім-шартында экспортердің/импортердің тарапынан банктік кепілдік болуы көзделсе, онда мәміле паспортының "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөліміне банктік кепілдіктің бар екендігі белгіленеді.

Кепілдік шығарған банк сыртқы сауда келісім-шарты бойынша төлемді жүзеге асырған жағдайда, мұндай банк уәкілетті банкке резидент еместің пайдасына төлем жасағанын растайтын төлем құжатын бергеннен кейін ғана мәміле паспорты жабылады.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Экспортер/импортер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, капитал қозғалысымен байланысты операцияларды лицензиялауды жүзеге асыру үшін мынадай жағдайларда тиісті шаралар қабылдауға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тауардың кедендік ресімделген

күнінен бастап 120 күнтізбелік күннен асатын мерзімде экспорт ақша түсімінің түспеуі;

2) аванстық төлем жүзеге асырылған, оның ішінде вексель бойынша төлем жасалған күннен бастап 120 күнтізбелік күннен асатын мерзімде импорт келісім-шарты бойынша тауардың жеткізілмеуі.";

мынадай мазмұндағы 77-1-тармақпен толықтырылсын:

"77. Экспортер/импортер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, капитал қозғалысымен байланысты операцияларды тіркеуді жүзеге асыру үшін мынадай жағдайларда тиісті шаралар қабылдауға міндетті:

1) экспорт ақша түсімі түскен, оның ішінде вексель бойынша төлем жасалған күннен бастап 120 күнтізбелік күннен асатын мерзімде Қазақстан Республикасының аумағында тауардың кедендік ресімделуінің жүзеге асырылмауы;

2) импорт келісім-шарты бойынша тауар жеткізілген күннен бастап 120 күнтізбелік күннен асатын мерзімде төлем жасалмауы.";

N 19 қосымша алынып тасталсын;

Нұсқаулықтың NN 1, 2, 3, 4, 5, 6, 14, 15, 16, 17 және 18 қосымшалары мынадай редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының 2001 жылғы
5 қыркүйектегі N 343 қаулысымен
және Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 10 қазандағы N 1409
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
экспорт-импорт валюта бақылауын
ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа
N 1 қосымша

Экспорт жөніндегі мәміле паспорты N 11 (12) __________

____________________ ж.

ЭКСПОРТЕР БАНКТІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ___________________________________________________________________

Филиалы _________________________________________________________________

Мекен-жайы ______________________________________________________________

Салық тіркеу нөмірі (СТН) ____________________________________________

Банктің (банк филиалының) ОКПО коды ________________________________

ЭКСПОРТЕРДІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ______________________________________________________________

ОКПО коды __________________________________________________________

Мекен-жайы _________________________________________________________

Банктік есепшотының нөмірі __________________________________________

Салық тіркеу нөмірі (СТН) ____________________________________________

Салық органының мекен-жайы _________________________________________

ҮШІНШІ ТҰЛҒАНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ______________________________________________________________

ОКПО коды __________________________________________________________

Мекен-жайы _________________________________________________________

Банктік есепшотының нөмірі __________________________________________

Салық тіркеу нөмірі (СТН) ____________________________________________

Салық органының мекен-жайы _________________________________________

ШЕТЕЛДІК САТЫП АЛУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ______________________________________________________________

Ел _________________________________________________________________

Мекен-жайы _________________________________________________________

Сатып алушының банктік деректері ____________________________________

ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫ

Нөмірі _____________________________ Соңғы күн__________________________
__

Күні _________________________________ Төлем валютасы___________________
___

Контракт сомасы_____________________ Төлем валютасының коды__________
____

Тауар________________________________ Есеп айырысу нысаны _____________
___

Келісім-шарт бойынша валюта_________

Келісім-шарт бойынша валюта коды____

Валюталық ескертпе__________________

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫ

Лицензияның нөмірі ______________________ Күні _________________

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТІРКЕУ КУӘЛІГІ

Тіркеу куәлігінің нөмірі ______________________ Күні _________________

УӘКІЛЕТТІ АДАМДАРДЫҢ ҚОЛЫ:

Банктің атынан Экспортердің атынан Кеден органы Үшінші тұлға
лауазымы __________ лауазымы __________ атынан атынан
аты-жөні (қолы)____ аты-жөні (қолы)____ лауазымы ____ лауазымы ______
М.о. М.о. аты-жөні (қолы)__ аты-жөні (қолы)
күні ______________ күні ____________ М.о. ______
күні _____________ М.о.
күні ________

Үшінші тұлғаның банкі атынан
лауазымы ___________
аты-жөні (қолы)_____
М.о.
күні _______________

БАНКТІҢ, КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Мәміле паспортын ресімдеу

Е Р Е Ж Е

"Экспорт жөніндегі мәміле паспорты" - қисық сызықпен белгіленген төрт бөліктен тұратын мәміле паспортының күрделі коды көрсетіледі:

бірінші бөлігі екі араб санынан тұрады, оның "1" деген бірінші саны осы экспорт жөніндегі мәміле паспортының тауар экспортынан келіп түскен валюта

түсіміне валюталық бақылау жасауға арналған, ал "1" деген екінші саны мәміленің осы паспорты бойынша алдын ала төлем жасайтын орны немесе "2" - тауардың кедендік ресімделгенін білдіреді,

екінші бөлігі жүк кедендік ресімдеуді реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген кеден органының кодын құрайтын сегіз саннан тұрады,

үшінші бөлігі үш саннан тұрады, оған ағымдағы жылдың соңғы үш саны қойылады;

төртінші бөлігі нүктесі бар нольден тұрады, одан кейін журналға сәйкес осы экспорт жөніндегі мәміле паспортының рет нөмірі қойылады (мысалы, 11/00000000/000/0,12).

"Экспорт жөніндегі мәміле паспорты" бағанының астына кеден органы экспорт жөніндегі "шығыс" журналының бағанына оның тіркелу күнін көрсетеді (N 3 қосымша).

"Экспортер банктің деректемелері" бөлімі мынадай түрде толтырылады.

"Атауы" деген бағанға осы экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойған банктің атауы толық көрсетіледі.

"Филиал" деген бағанға экспортердің есепшоты жүргізілетін филиалдың толық аты көрсетіледі, бұдан әріде экспорт жөніндегі мәміле паспортының " есепшот нөмірі" бағанында көрсетіледі. Көрсетілген есепшот банк филиалында жүргізілген жағдайда ғана толтырылады.

"Мекен-жайы" деген бағанға экспортер шотын жүргізуші банктің (немесе экспортердің есепшоты банк филиалында жүргізілсе, банк филиалының) толық почталық мекен-жайы көрсетіледі.

"СТН" бағанында Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес экспортердің банкіне (банктің филиалына) берілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"ОКПО коды" деген бағанда мемлекеттік статистика органдары берген экспортер банктің сегіз таңбалы коды не "филиал" деген бағанда көрсетілген банк филиалының он екі таңбалы коды көрсетіледі.

"Экспортердің деректемелері" бөлімі мынадай түрде толтырылады:

"Атауы" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған экспортердің толық ресми атауы көрсетіледі.

"ОКПО коды" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған экспортер банктің мемлекеттік статистика органдары берген сегіз таңбалы коды көрсетіледі .

"Мекен-жайы" деген бағанда экспорт жөніндегі мәміле паспортына қол қойған экспортердің толық почталық мекен-жайы көрсетіледі.

"Банк есепшотының нөмірі" деген бағанда мәміле паспортына қол қойған экспортердің осы мәміле паспортында көрсетілген келісім-шарт бойынша

валюталық түсім түсуі тиіс валюталық есепшотының нөмірі көрсетіледі.

СТН бағанында Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес экспортерге берілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

"Салық органының мекен-жайы" деген бағанда экспортердің тіркелген жері бойынша салық органдарының мекен-жайы көрсетіледі.

"Үшінші тұлғаның деректемелері" бөлімі үшінші тұлға төлеуші-резиденттің қатысуымен мәміле паспорты (мәміле паспортына қосымша парақ) ресімделген жағдайда "Экспортердің деректемелері" бөлімі сияқты толтырылады:

"Шетелдік сатып алушының деректемелері" бөлімі мынадай түрде толтырылады:

"Атауы" деген бағанда осы мәміле паспорты негізінде жасалған келісім-шартта көрсетілген түрде экспортталатын тауарларды шетелдік сатып алушының атауы көрсетіледі.

"Ел" деген бағанда осы мәміле паспорты негізінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес сатып алушы тұратын елдің атауы көрсетіледі.

"Мекен-жайы" деген бағанда осы экспорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде келісім-шарттың талаптарына сәйкес шет ел сатып алушысының заңды мекен-жайы көрсетіледі.

"Сатып алушы банктің деректемелері" деген бағанда шет ел сатып алушысына қызмет көрсететін шетелдік банктің мекен-жайы мен деректемелері көрсетіледі.

Осы бағанда көрсетілетін мәліметтер шетелдік тараптың өзге банктік деректемелері арқылы ресімделген мәміле паспорты бойынша ақшалай қаражатты аударған кезде төлемді бірегейлендіруден бас тартуға негіз бола алмайды.

"Келісім-шарттың деректемелері мен шарттары" бөлімі мынадай түрде толтырылады:

"Нөмірі" деген бағанда осы экспорт жөніндегі мәміле паспорты негізінде жасалған келісім-шарттың нөмірі көрсетіледі.

"Күні" деген бағанда келісім-шартқа қол қойылған күні көрсетіледі.

"Келісім-шарт сомасы" деген бағанда осы келісім-шартқа сәйкес экспортталатын тауарлардың жалпы құны көрсетіледі. Егер келісім-шарт бойынша бағдарлы бағасы белгіленген тауарды жеткізу көзделсе, онда мәміле паспортында белгіленген жеткізілім көлемін бағдарлы бағасына көбейту арқылы есептелген келісім-шарт сомасы, сонымен бірге "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде бағдарлы бағалар мен келісім-шарттың нақты сомасы мәміле паспортында көрсетілген сомадан асып кетуі не кем болуы мүмкін екендігі көрсетіледі.

"Тауар" деген бағанда келісім-шарт бойынша тауардың аты көрсетіледі.

Тауардың бірнеше атауы атап көрсетілгенде оларды үтір арқылы бөліп, не мәміле паспортын рәсімдеу үшін көзделген тәртіпке сәйкес тауарға тізбесімен қоса көрсету керек.

"Келісім-шарт бойынша валюта" деген бағанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес келісім-шарт сомасы белгіленген валюта атауы көрсетіледі.

"Келісім-шарт бойынша валюта коды" деген бағанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес келісім-шарт бойынша валюта коды көрсетіледі.

"Валюталық ескертпе" деген бағанда келісім-шарт бойынша валюта төлеміне валюта бағамын есептеу тәсілі көрсетіледі ("Келісім-шарт бойынша валюта" мен "Төлем валютасы" сәйкес келмегенде ғана толтырылады).

"Соңғы күн" деген бағанда осы экспорт бойынша мәміле паспорты негізінде жасалған келісім-шарт бойынша соңғы төлем экспортердің валюта есепшотына келіп түскен есеп айырысу күні көрсетіледі. "Соңғы күнді" экспортер келісім-шарт талаптары бойынша тауарды тиеудің рұқсат етілген болжанған соңғы кедендік ресімдеу күніне келісім-шарт шартына сәйкес тауар экспортының күніне есептелген экспорт түсімінің келіп түскен күнін қосу арқылы өз бетінше есептейді. Егер келісім-шартта оның қолданылу мерзімінің аяқталу күні тікелей көрсетілсе, онда бұл бағанда келісім-шарттың қолданылу мерзімнен ұзақтау мерзім көрсетілуі мүмкін.

"Төлем валютасы" деген бағанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес экспортталатын тауардың төлемі жасалатын валютаның аты көрсетіледі.

"Төлем валютасының коды" деген бағанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетінің "Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы" нұсқаулығы негізінде республикалық кеден органдары қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес төлем валютасының коды көрсетіледі.

"Есеп айырысу нысаны" деген бағанда келісім-шарттағы талаптарға сәйкес (төменде келтірілген жіктеушіге сай) экспортталатын тауар үшін қолданылатын есеп айырысу нысанының коды көрсетіледі:

Есеп айырысу нысаны Коды
Аванстық төлем
(алдын ала төлеу) 00
аккредетив 10
инкассо 20
аударым 30
басқалары 40

Есеп айырысудың аралас нысаны қолданылуы мүмкін, онда бағанға екі код жазылады.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы" бөлімі экспортер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензияларын алған кезде толтырылады.

"Нөмірі" бағанына экспортерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияның нөмірі көрсетіледі.

"Күні" бағанына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензияда көрсетілген, берген күні көрсетіледі.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу куәлігі" бөлімі экспортер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеу куәлігін алған кезде мынадай түрде толтырылады:

"Нөмірі" бағанына экспортерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген тіркеу куәлігінің нөмірі көрсетіледі.

"Күні" бағанына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тіркеу куәлігінде көрсетілген берілген күні көрсетіледі.

"Уәкілетті адамдардың қолдары" бөлімі мынадай түрде толтырылады:

Экспорт жөніндегі мәміле паспортының үш данасы (лауазымы, аты-жөні көрсетіліп):

кеден органының атынан - кеден органының атынан мәміле паспортына қол қоюға және валюталық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өзге де іс-қимылды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам;

банктің атынан - мәміле паспортын ресімдеуді жүзеге асыратын банктің жауапты қызметкері;

экспортердің атынан - экспортердің басшысы;

үшінші тұлғаның атынан - үшінші тұлғаның басшысы.

Экспорт бойынша мәміле паспортының барлық даналары кеден органының, банктің, экспортердің және қажет болған жағдайда үшінші тұлғаның мөрлерімен бекітіледі.

"Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде

Мәміле паспортының бағандарында көрсетілмеген, бірақ осы Нұсқаулықта

көзделген немесе валюталық бақылау органдарының және агенттерінің жұмысын жеңілдететін мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының 2001 жылғы
5 қыркүйектегі N 343 қаулысымен
және Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 10 қазандағы
N 1409 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
экспорт-импорт валюта бақылауын
ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа
N 2 қосымша

Импорт жөніндегі МӘМІЛЕ ПАСПОРТЫ N 21, (22) __________
____________________ ж.

БАНКТІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ___________________________________________________________________

Филиалы _________________________________________________________________

Мекен-жайы ______________________________________________________________

Салық тіркеу нөмірі (СТН)___________________________________________________

Банктің (банк филиалының) ОКПО коды _____________________________________

ИМПОРТЕРДІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ___________________________________________________________________

ОКПО коды ______________________________________________________________

Мекен-жайы ______________________________________________________________

Банктік есепшотының нөмірі _________________________________________________

Салық тіркеу нөмірі (СТН) _________________________________________________

Салық органының мекен-жайы _______________________________________________

ҮШІНШІ ТҰЛҒАНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Атауы ______________________________________________________________
___
ОКПО коды __________________________________________________________
____
Мекен-жайы _________________________________________________________
___
Банктік есепшотының нөмірі ____________________________________________
_
Салық тіркеу нөмірі (СТН) _____________________________________________
Салық органының мекен-жайы _________________________________________
___
ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:
Атауы ______________________________________________________________
___
Ел _________________________________________________________________
__
Мекен-жайы _________________________________________________________
___
Шетелдік әріптестің банкінің деректері __________________________________
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫ
Нөмірі ______________________________ Соңғы күн _______________________
Күні ________________________________ Төлем валютасы _________________
_
Контракт сомасы______________________ Төлем валютасының коды _________
_
Тауар________________________________ Есеп айырысу нысаны ____________
_
Келісім-шарт бойынша валюта__________
Келісім-шарт бойынша валюта коды_____
Валюталық ескертпе___________________
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ЛИЦЕНЗИЯСЫ
Лицензияның нөмірі _______________________ Күні _________________
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТІРКЕУ КУӘЛІГІ
Тіркеу куәлігінің нөмірі _______________________ Күні _________________
УӘКІЛЕТТІ АДАМДАРДЫҢ ҚОЛЫ:

| Банктің атынан | Экспортердің атынан | Кеден органы | Үшінші тұлға |
|---|---|---|---|
| лауазымы __________ | лауазымы __________ | атынан | атынан |
| аты-жөні (қолы)____ | аты-жөні (қолы)____ | лауазымы ____ | лауазымы ______ |
| М.о. | М.о. | аты-жөні (қолы)__ | аты-жөні (қолы) |

күні ______________ күні ____________ М.о. ______
күні _____________ М.о.
күні ________

Үшінші тұлғаның банкі атынан
лауазымы ___________
аты-жөні (қолы)_____
М.о.
күні _______________

БАНКТІҢ, КЕДЕН ОРГАНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

_____________________________________________________________________

_____________________________________________________________________

Импорт жөніндегі мәміле паспортын ресімдеу

Е Р Е Ж Е

"Импорт жөніндегі мәміле паспорты" бағанына - қисық сызықпен белгіленген төрт бөліктен тұратын мәміле паспортының күрделі коды көрсетіледі :

